

Тұлғаның даралық-типологиялық  
ерекшеліктері.

Темперамент, мінез және қабілет

.


# Темперамент түсінігі

Темперамент (латын тілінен аударғанда *temperamentum* – тиісті бөліктердің қатынасы) - белгілі бір адамға тән, сыртқы әсерлерге жауап беру реакцияларының динамикасы, белгілі бір жағдайда адамның іс-қимылын түсіндіретін психика ерекшеліктері.



# Б.М.Теплов АНЫҚТАМАСЫ БОЙЫНША:

"Темперамент дегеніміз бір жағынан эмоциялы қозуға, яғни сезімнің туу шапшаңдығына, екінші жағынан олардың күшіне байланысты болатын белгілі бір адамға тән психикалық ерекшеліктердің жиынтығы".



- Без чистых
- Холерик
- Сангвиник
- Флегматик
- Меланхолик

# Темперамент туралы теориялар

Темперамент туралы ілім өте ерте замандарда пайда болған.

Темпераменттің негізін салған ежелгі грек дәрігері Гиппократ (б.з.д.460-377ж) темпераментке алғаш түсініктеме беріп, оны негізінен жүйке жүйесінің қасиеттерімен емес, ағзада әр түрлі сұйықтықтардың (қан, шырын, сары және қара өт) біреуінің басым болуымен байланыстырған. Ағзадағы осы сұйықтықтардың бірінің басымдығы адамның темпераментін анықтайды: қан басым болса-сангвиник, шырын басым болса - флегматик, сары өт басым болса-холерик және қара өт басым болса-меланхолик айқындалады деген.



# ТЕМПЕРАМЕНТ ТУРАЛЫ ТАНЫМАЛ АДАМДАРДЫҢ КӨЗҚАРАСЫ:

Неміс философы И. Кант темпераментті екіге бөледі:

- 1) Сезім темпераменттері-сангвиник пен меланхолик жатса;
- 2) Іс-әрекет темпераменттері – барлық темпераменттер жатады.

Неміс психологы В.Вундт темпераментті екі топқа бөлген:

- 1) Эмоциясы күшті темпераменттер.
- 2) Эмоциясы әлсіз темпераменттер.



Римнің атақты дәрігері К.Гален темпераменттің физиологиялық ерекшеліктермен қоса, психологиялық, тіптен адамның адамгершілік қасиеттеріне қатысты сапалармен байланысты деп түсіндірді.

В.Д.Небылицин темпераменттің үш негізгі компоненттерін бөліп қарастырды. Олар:

- ➔ индивидтің белсенділігі;
- ➔ оның моторикасы;
- ➔ Эмоциялығы



# Темперамент түрлері, олардың сипаттамасы

1.Сангвиник- ширақ, көпшіл, сыртқы қоздырғышқа тез жауап береді. Бұл күшті тип, ол өзін-өзі жақсы ұстай алады, байсалды келеді.

2.Холерик- ширақ, көпшіл, қызба, сыртқы қоздырғышқа жауабы әр түрлі. Шыдамсыз, ашуланшақ болып келеді. Бір нәрсені бастаса оның тоқтату қиын. Олар тік мінезді

3.Флегматик- селқос, көп қозғалмайтын, сабырлы, ұстамды. Олар бос сөлегенді ұнатпайды, тұйық. Ұзақ және бір қалыпты жұмыс жасай алады, күтеде алады.

4.Меланхолик- селқос, біртоға. Бұл әлсіз тип, оған өзіне-өзі сенімсіздікпен жасықтық тән. Меланхолик ренжігіш, күмәншіл болып келеді.

